


63.3(5кaz) 46/47

Е 45

Қанатбай
Елеусізұлы

АДАМНЫҢ
СҮНҚАРЫ



Салғыл соғынаның жаһарласқан
Шеңбіл Тілеу батыр Айтұрсын
(1630 - 1684) к.

*Қанатбай
Елеусізұлы*

АДАМНЫҢ
СҮНҚАРЫ

ш
Алматы
«Жазушы»—
2001

ББК 82. 3 Каз
Е 45

Редакторы *Есенбай Дүйсенбайұлы*

Елеусізұлы К.
Е 45 Адамның сұнқары. Тарихи-танымдық жинак.— Алматы:
«Жазушы», 2001.— 144 бет.

Казақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығы аясында ұсынылып отырыған осы тарихи-танымылғы жинақта алыс заманаударда азаттық үшін алсызып, ат үстінде ел корғаған Тілеу, Жолдыш, Калдыш, Есет сиякты батырлар, Мөнке, Жетес тәрізді аузы дуалы билер, Сарышолак, Батактың Сарасы сыйны ақындар жөнінде жүйе-жүйе сөз козғалады, олардын ерлігі, шешенілігі, шыгармашылығы нақтылық күжат-деректер арқылы көрсетілген. Коне көз карттардан естіген ауызекі әнгімелер жөлісіне құрылған ататектикаш шекірі-хикаят өз алдана бір тобе.

E 4702250105-09 күлактандырусыз—2001
402(05)-2001

ББК 82.3 Каз

ISBN 5-605-01739-X

©«Жазушы» баспасы, 2001

Таза мінсіз асыл тас
Су түбінде жатады.
Таза мінсіз асыл сөз
Ой түбінде жатады.
Су түбінде жаткан тас
Жел толқытса, шығады.
Ой түбінде жаткан сөз,
Шер толқытса, шығады.

Асанқайғы.

Язык — ключ к истории народа, к прошлому. Гордиться славы своих предков не только можно, но и должно. Не уважать одной есть постыдное малодушие.

A. C. Пушкин.

Тіл — халықтың тарихын, өткенін білудің кілті. Өзіннін ата-бабаларының данқымен мактануына болады ғана емес, солай болуға тиісті де. Оны құрметтемеу, сыйламау — маскара жарымжандық, мұсәпірлік.

A. C. Пушкин.

АЛҒЫСӨЗ ОРНЫНА

Талай ғасырдың аумалы-төкпелі оқиғаларын бастап кешірген, түркі тектес халықтарга белгілі ежелгі Тұранның бесігі мен есігі атапган, түркі дүниесінің тәжі - қасиетті де киелі Түркістан үшін кімдер шайқасқа бел буып, кімдер жсан беріспеген! Түркістан үшін болған қатерлі Сайрам шайқасына (1681 – 1684) Батыс аймақтан қалаң қол бастап барған Тілеу батыр Айтұлының тарихта орны ерекше. Казақ елінің азаттығы мен бостандығы жағында қан майданда қаза болып, әскербасылары мен сарбаздардың үйгаруы бойынша Әзірет Сұлтан кесенесіне жерленуі, сөз жсөк, Тілеу батырдың қазақтың біртуар ұлы екенін дәлелдейді. Әкелі-балалы Тілеу мен Жолдыаяқ батырлар күндері 2000 жылдың тамыз айының 18-19 жүлдөзіндегі Түркістан қаласында атап-лып отті. Бұл күндер Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойы қарсаңына сәйкес келді. Осы рухани шараның өз деңгейінде отуіне Ақтөбе облысының әкімі Аслан Мусин ерекше мән берді. Аслан Есболайұлы Ақтөбеден облыс әкімінің ішкі саясат болімінің меншеруісі Асқар Шеріязданов бастаған арнайы делегация жіберіл, Түркістан қаласының тұрғындарын қаланың 1500 жылдық торқалы тойымен құттықтауды.

Бұл «Түркістанга тағым», «Бабаларга тағым» атты акция Ұлы Дағаның ұланқайыр онірлері арасындағы руханияттық байланысты одан әрі байытты. Сөйтіп, Тілеу мен Жолдыаяқ батырлар күндерінде жинақталған тарихи материалдарды оқырмандарға ұсынын өтырмыз. Ерекше атап айтартым – осы кітапқа бірқатар белгілі адамдардың атап-такырыбымызга орайлас сөздері мен ой-толғаныстарын да ортақтастыруды жөн кордім. Ол үшін бәр-бәріне айттар раҳметім шексіз.

«Адамның сұңқары» кітабы – откенге тағым һәм болашаққа үміт. Кітап тарихи деректер негізінде құрылған. Ол бүгінгі және келер үрпаққа Отаның суюғе, елін-жерін қасиеттеуге, ата-тегін біліп, ару-ақтарын сыйлап, ұлықтауга, ырыс-берекесі мен ынтымак-бірлігін бекемдеуге септеседі деп ойлаймын.

Қанатбай Елеусізұлы

ТЕГІН БІЛУ – ТЕКТІЛІК

«Жеті бабасын білмейтін казактын
баласы жок. Сондай кемпір-шал асы-
рап осірген казактын баласымын. Мен
де жеті атамды білемін».

H. Назарбаев
(«Егемен Казақстан», 5 шілде, 1997 жыл)

«Жеті атасын білген жетті жүрттың камын жер» дег бұрынғы
әткен ұлы аталарымыз тегін айтпаса керек. Алдыңғы буын баба-
ларымыз кейінгі үрпактарды ата-тегін білуге, салт-дәстүрді сак-
тауға баулып отырған.

Жер бетінде қанша жұрт болса, сонын бәрінің шыққан тегі,
тариҳы, мәдениеті, әдебиеті, салт-дәстүрі болатындығы бесенеден
белгілі. Сондай халықтардың бірі — біздің казак ұлтының да тари-
хи қалыптасуы аса құрделі. Тарих пен мәдениеттің ғасырлар бойы
қалыптасатының ескерсек, бул мәселелер тек қана ғалым-мамандардың,
әдебиетші-тарихшылардың шаруасы болмаса керек.

Сондай-ақ бұл кез келген үрпактың әткен ата-бабалар алдын-
дағы перзенттік парызы. Әкінішке орай, тарихымызды объективті
түрде және бүге-шүгесіне дейін зерттеп білуге ғалымдар мен жа-
зуышылар ел тәуелсіздік алғаннан кейін ғана мойын бұра бастады.
Оның үстінен, этногенез, яғни халықтың шығу тегі жөніндегі мәселе
жеке-дара алғанда аса құрделі және этнографтардың, археолог-
тардың, тарихшылардың, тіл мамандарының, демографтардың,
тіпті этности зерттейтін социологтардың бірлесе отырып күш са-
луын талап етуде. Тарих, әдебиет, мәдениет, өнер өрісі осы бағыт-
тардағы ізденістерді керек етеді.

Қазактар өзінің шығу тегін, ру тарихын шежіре қылыш айткан.
Оны атадан балаға, баладан немереге, немереден шөбереге әрі қарай
өлмес мұра күйінде жеткізіп отырған. Ата таратып, жөн сұрасу
және оны бес саусағында мұлтіксіз білу алаш азаматының боры-
шы дег саналған. Жеті атасын, тегін тектей білмеген үлкен айып
саналған. «Жеті атаниның жөнін біл, жеті жүрттың тілін біл», «Жеті
атасын білмеген — жетесіз» деген халық даналығы бұған толық ай-
ғак болады.

Біз әңгіме етіп отырған ұлттың табиғи жааралымын құрайтын
кауым, ру, тайпа, одан әрі жұз, ен сонында, казак халқы болып
қалыптасуын еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Ру
шежіресін білу — сахара төсінде көшіп-конған казактар үшін

өмірлік кәжеттілік. Қазак халқының ру-тайпалық, жүздік-қауымдастық біртұтас ғажайып бітімі ғасырлар бойы бүкіл казақ — бір атанаң үрпағы, бір тамырдың бұтағы деген ұстаным бойынша өсіп-өркендеп отырған,— дей келіп, ойын одан әрі жалғастырады,— Қазак халқы үшін жеті атальқ ұстаным мен одан туындайтын рулық байланыс институттарының қандай әсері болған?

Біріншіден, жеті атальқ ұстанымға негіз болған туыстық байланыс институттары әрбір казактың, кала берді бүкіл халықтың білмекке деген ынтасын ояткан. Былайша айтқанда, бүкіл халықтың акыл-ойын баураған.

Өзінін казақ екенін білген сон, жеті атасын білген сон, одан әрі өзінін руы мен жүзін білген сон, қазактар туған жерінін кез келген шалғайында туыскандарының ортасында жүргенін танып-біліп, өзін алып жанұяның бір мүшесіндей сезінген. Осынау ерек-ге мазмұндағы далалық білім, алып жанұялық сана жай ғана жаттанды дереқ болмаған. Мұндай білім көшпелілер санасына мекен-тұрқтың жай-жапсарынан бастап, бүкіл этнос аясындағы рулардың карым-қатынас ахуалына дейін орнығып отырған...

Нәтижесінде біртұтас жанұя сиякты ұлттың біртұтас зердесі калыптасып, тек қазіргі жер басып жүргендер ғана емес, жадында сактаған баяғы ата-бабалары да тірілердің санасында тірлігін жалғастырған. Халықтың мұндай зердесі әрбір катардағы далалыктардың тарихты айқын елестетіп, жан-жүргегімен сезініп отыруына себепші болған.

Сол себептен де, бұл жерде тарихтың тереніне бойлаған сайын бабалардың басынан кешкендері мифологияланып отыратынын калерде ұстау кажет. Пенде шіркіннің өз бабаларын әспеттеп, оның орнын байлайғы тумаларынан биіктетіп көрсетуге бейім болып отыратын әдті.

Жазба дәстүр болмаған сон, мұндай үрдіс ұдайы етек алып, еткен окиға мен кешкен ғұмырдың нақтылығы да объективті көрініс таба бермеуіне себепші болған.

Екіншіден, жеті атальқ ұстаным әрбір қазактың, бүкіл халықтың құлағына құн сайын бабалары туралы тек жаксылықты құйып, рухани тектілігін дәріптеп, ұлттың сенімін орнықтырып отырған. Бұл өсірекізыл сенім емес, әрбір катардағы көшпелінің тарихи нақтылы деректі өз жүргегімен сезінүіне негізделген...

Бұл ойдың орнын бүгінгі оқырман дүрыс түсіну үшін, бір пікірмен толықтыра кету кажет. Мен үшін ата-баба рухына, аруакқа бас ию сезімдері олардың идеалын жалғастыру деген сезімдермен астасып кеткен. Ал ата-бабамыздың идеалы біздін бүгінгі өмір-тіршілігіміздің ең киелі ұстанымдарымен сай келіп жатыр...

Үшіншіден, жеті ата ұстанымдары, туыстық байланыс институттары бабалар рухының алдында әрбір казақ пен бүкіл халық-

тын іштей жауапкершілік сезімін оятып отырған. «Малым – жаңынмын садағасы, жаным – арымның садағасы». Қошпелілердің осынау өмірлік ғажайып психологиясы ғасырлар сынынан отіп, шегіне жете шындалған. Бір ауыз сөздін аясына сахара төсіндегі мінез-құлық, салт-жорә, моральдық-этикалық сапа, адамдар арасындағы қарым-қатынас калыптары сияқты қасиеттердің баршасы шоғырланған. Жеті ата ұстанымын тұғыр еткен қазактардың барша материалдық және рухани өмірі руаралық қарым-қатынастын айнымас әдебіне бағынған. Сондай-ақ бұл ұстанымның аясына қазак өмірінің қылдай ауытқымайтын моральдық кодексі де, салт-дәстүр мен тыйым-жораларының негізі де қамтылған...

Төртіншіден, жеті ата ұстанымы, туыстық байланыс институты әрбір қазактың, бүкіл халықтың бойына еш мәжбүрлеусіз мейлінше тегеурінде рухани бірлік сезімін терең сініріп отырған. Бір қараганда жеті ата ұстанымы қарапайым болып көрінгенімен, жанұялық-туыстық етенелікті тірек еткен этникалық тұтастықтың қуатты арқауы, тапжылmas темірказығы болған. Құні бүтінге дейін, сахараның жазылмаған заны бойынша, жеті атаға дейін бір-бірімен үйленуге рұқсат етпейтін қазактан басқа жер бетінде бір де бір ел жоқ. Міне, қазак халқының даналығы тудырған қуатты генетикалық тамыр қайда жатыр», – деп нақты тұжырымдайды («Тарих толқынында». Атамұра, Алматы, 1999. 34-42 беттер).

Ата-тегін білген адамдар шетінен намысшыл, бауырмал, канышыл, үлтжанды болған. Қіндік кесіп, кір жуған туған жері үшін, азamatым, ардактым деп аялаған елі үшін қасық қанын аямай, шыбындан жанын киоя әрқашанда дайын болған. Тектес, рулас, қандас адамдар бір-біріне опасыздық жасамаған. Керінше, бір ауыздан сөз, бір жағадан бас, бір женнен кол шығарған. Не көрсе де, көппен көрген ұлы той деп, бірге көрген. Тіршілікте бір төбенің басында, өле қалса, бір шұқырдан табылған.

Казак шежіресі бойынша шежіре таркататын болсак, қазактын арғы атасы – Алаш. Алаштан – Жайылхан, Сейілхан деген екі үл. Сейілханнан сегіз арыс түрікмен тарайды да, Жайылханнан Майқы деген жалғыз үл тудады. Осы Майқыдан – Өзбек, Сәбиян (Жиенбек) деген екі бала. Сәбияннан – Айырқалпак, одан – Қазак пен Созак. Созактан – Каракалпак, Қазактан Акарыс, Жанарыс, Бекарыс тарайды. Акарыстын тұқымы Ұлы жұз деп аталаған, одан Үйсін, Қанлы, Дулат, Сарыүйсін, Жалайыр, Албан, Суан, Шалпырашты, Ошакты, Шанышкылы, Сіргелі, тағы баскалары таратылады. Жанарыстын тұқымы Орта жұз деп аталаған, одан Арғын, Найман, Керей, Уак, Конырат, Қыпшақ тарайды. Бекарыстың тұқымын Кіші жұз деп атап, одан Алау мен Арғымақ тарайды. Алаудан – Алшын, Алшыннан – Әлімұлы мен Байұлы. Арғымактан Жетіруды таратады.

Казак Совет Энциклопедиясында ру — казак қауымының арғы тегі, бір әкеден, кейде бір шешеден тараған туыстар тобының экономикалық-әлеуметтік негізгі ұғысы деп көрсетілген (КСЭ., Алматы, 1976, 9 том, 563 бет).

Ұлттың өзін өзі тануы, өзіне тән казына-байлыктарын, өткенін қастерлеуі түрғысында кешегі өткен заманда, тіпті оның алдындағы патшалы Ресей дәүірінде тыйым салынғаны қозі қаректы қауымға белгілі. Халықтың байыры тарихына, әйгілі тұлғаларына деген салқын қозкарас жүртшылықты өз батыры мен бағыланы болмағандай өсерге жетеледі, өзгөнін «богатыры» (оның өзі «**баһадүр**» сөзінен шықкан) мен «**князін**» марапаттаған окулыктар құштеп танылды. Есім мен Қасым, Әз Жәнібек пен Тәуке, Әбілқайыр мен Абылай сыңды хандары, Қабанбай мен Бөгөнбай, Қарасай мен Ағынтай, Тілеу мен Қалдыбай, Жолдыаяқ пен Тайлақ, Сырым мен Есет батырлары барын білмейтін кешегі окушылар, бүгінгі азаматтар өз халқын шынымен де «тақыр жүрт» екен деп үкты. «Совет Оданының тарихы» деп аталатын кай окулықты ашсан да Иван Грозный мен Александр Невский, Бірінші Петр мен Екатерина сиякты патшалар, Игорь мен Ермак, Кутузов пен Суворов сиякты батыр колбасшылар туралы оқытын болғандыктан, өзге жүртті ғана ержүрек жауынгер халық екен деп үғынатын халғе жеттік. Бұл халық Ұлы халық есебінде үғындырылып, тарих пен мәдениет, әдебиет тек соларда ғана деп түсіндірлді. Отарлау мен орыстандыру саясатының ұстанымы осындағы еді.

Бұның дәлелі мұнадай. Ресей империясын билеген катын патша Екатерина II Орынбор генерал-губернаторына жолдаған нұскасында былай деп жазады: «Қырғыз-казак халқының бір ру басшыларын екінші ру басшыларымен араз етіп, бірімен бірін қас етіп, бірінің етін бірі жеуге себеп болыныз. Сұлтандарын бірімен бірін араз қылып, біріне бірін иттей тартыстырып, бірінің етін бірі жеуге себеп болардай іс қылышыз» («Айқап» журналының 1913 жылғы 20-санында жарияланған). Бұл патшаның нақты тапсырмалары сол кезде орындалып, ел арасы бүлінді. Ел өзімен өзі дауласып, дауды генерал-губернаторға шештірді. Құлдықтың камытын мойынға киді. Бұдан кейін қызыл империяның әлегімен қазактар ұлтшылдықпен құресіп, ұлтсыздыққа айналдық, шықкан тегімізді білмей, мәңгүрт болдық. Ұлтжандылық отаршылдар үшін қазак елін тоз-тоз қылып бөлшектеудін, өзді-өзі жауластырып, атыстырып-шабыстырудын ен тиімді әрі ен құйтыркы құралына айналды. Бір халықты екі топқа бөліп, тап құресін шығарды. Жарлыжакыбайларды ауқатты туыстарына айдан салып, сүттей үйип отырған елдің арасына жік түсіріп, жауластырыды. Оған карсы тұрып, үн қатқандар ұлтшыл, рушыл, жікшіл, халық

жауы, тап жауы деп айыпталып, тегі мыкты зиялыштарымыздың көзі жойылды. Олай болса, тәуелсіз ел болудың тетігі тектілікте жатыр. Ұлттың болашағын ойлап, жар құлағы жастықка тимей, корлық-зорлықка карсы жанкештілікпен қажымас кайрат көрсеткен азаматтар ғана елге тұлға бола алады. Шен алып, шекпен ки-гендер, данқ құмарлар, мансапкорлар, дүниеконыздар екіжүзді келеді. Олар жамбасының ынғайына карай кез келген уақытта кисая кететіндігін өмір көрсетіп келеді.

Абзалы, текті білу, шежіре тарату – кейбіреулер айтып жүргендей рушылдыкты, жікшілдікті қоздыратын құрал емес. Ұлтжанды, ұлтшыл, қанышыл дегендер о баста жағымды мағынада колданылған. Жалпы жүртшылықты бауырмалдыққа, туыскандыққа, ағайын-жекжат арасындағы сыйластыққа баулытын асыл касиет. Кез келген бейтаныс жандар, бір-бірінен жөн сұраса келе, карын-бөле шығып, немесе құда-жекжат болып жатады.

«Карға тамырлы казак» деген сөзді осыдан айтса керек. Ешкімді сыртқа теппей, конакжайлыштың мен әлемге белгілі қазак ұлтының салт-дәстүрі мәнгі өлмейді.

Әлім деген – көк теніз,
Ортасы – жылым, каттайды.
Араға келген конакты
Сары майдай сактайды.
Саптама етік, ку шекпен
Бізді Құдай сактайды.
Ерексер күн туса,
Жайылған қойдай қаптайды,—

деп Сарышолак шайыр Боранбайұлының ұлттық касиетті айтып шалқуы тегін емес. Ендеше, бауырмал халқымыздың өз тарихы мен тегін түгендеуге деген үмтүлышына өлшеусіз колғабыс беретін ата дәстүр, откенді сыйлау үрдісімізді халқымыздың ортақ игілігіне кайта айналдыруға үлес косу казіргі тірі жүрген пенделерге кастерлі іс болса керек.

Казір «тегімді білсем» дегенге «тек жұр» деп айыптайтын заман өтті.

Біздін алдымызда дәуір кешкен аузы дуалы, жүріс-тұрысынан зиялыштың лебі есіп тұратын аталарымыз: «Тегіміз ногайлы, Едіге батырдың үрпактарымыз. Бірақ оны айтуға казіргі заман төртібі көтермейді ғой»,— деп отыратын. Енді, міне, сол касиетті кара шалдардың айткан аманаттарын халыққа жеткізетін күн туды. Тәуба!

Олардын айтқандарын тарихшы, әдебиетші ғалымдардың ғылыми негізде жазылған зерттеу материалдарымен салыстыра отырып сараптасак, ол болай болып келеді.

Алтын Орданың ыдырауы және Ак Орданың әлсіреуі барысында Казакстан аумағында пайда болған ірі мемлекеттік құрылымдардың бірі Ногай Ордасы болды.

Ногай Ордасы XIII ғасырдың екінші жартысында бөлектене бастады. Бұл процесс XIV ғасырда Әмір Едіге тұсында жалғасып, оның баласы Нұраддиннің (1426—1440) кезінде аяқталды. «Ногай Ордасындағы үстем тайпа манғыттар болды. «Ногай», «ногайлыхтар», «Ногай Ордасы» деген терминдер әдебиетте алғаш рет тек XVI ғасырдың басындаған пайда болды. Ногайлар өздерін «манғыт» деп, аз өзінің ұлысын «манғыт жұрты» деп атаған. Оларды көрші халыктар да осы атпен белген,— деп жазады тарих ғылыминың кандидаты Клавдия Пищулина өзінін «Ногай Ордасы» енбекінде.

Тарихшылар Б. А. Кочекаев, И. Х. Калмыков және баскалары ногайлардың монгол-қыпшактардан тарағандығы туралы белгілі зерттеушілердің пікірлерін көлтіреді; олардың көшілігі (С. Е. Малов, Р. Г. Кузеев және баскалары) Ногай Ордасы негізгі тұрғындарының шығу тегін Жошы өулетінен шықкан Алтын Орда түмендерімен һәм XIII ғасырда Ногай әскерінің құрамына кірген тайпалармен байланыстырады.

Ногай Ордасының негізгі аумағы Еділ мен Жайықтың арасындағы далада, оның орталығы Еділдің төмөнгі бойында немесе Сарайшық (Жайық) ауданында болатын. Шығысында ногайлар Жайықтың сол жағалауы бойында көшіп жүрді, олардың көшіп жүретін жерлері солтүстік шығысында Батыс-Сібір ойпатына дейін, солтүстік батысында Қазанға дейін, онтүстік батысында Арап өнірі мен Каспий өнірінің солтүстігіне дейін жететін, ал кейде олар Манғыстау мен Хорезмге барып жүретін.

XV ғасырдың ортасында ногайлар (манғыттар) кей кезде Сырдарияның орта ағысына дейін жетіп, Сырдариядағы бекініс-калаарды жаулап алды. 1446 жылы, мысалы, манғыт Уақас би Үзкент қаласына билік етті.

Шын мәнінде Ногай (манғыт) Ордасының негізін калаған Едіге болып саналады. Ол туралы өмірбаяндық мәліметтер көптеген Шығыс авторларында: Му ин ад-дин Натанзиде, Абд ар-Раззак Самарқандиде, Ибн Арабшахта, Әбілғазыда, Кадырғали Жалайыриде кездеседі. XIV ғасырдың аяғында саяси аренага шығып, Алтын Орданың белгілі уақытша билеушісі болып алған Едіге 15 жыл бойына (1396—1411) шын мәнінде Алтын Ордадағы бүкіл билікті

өз колында үстады. Ол баскарған «манғыт жұрты» Алтын Ордадан бөлектенген елеулі феодалдық иеліктердің бірі болды. Клафихоның айтуына карағанда, «Едіге өз Ордасында екі жұз мыннан астам атты әскерді ұдайы үстаған».

Өз колымен койған хандар арқылы Алтын Орданы басқара отырып, «Беклар-бегі» немесе «Ұлы әмір» (әмир әл-умара) атағы бар Едігенің билігі зор болған және көрші ұлыстардың әміріне зор ықпал еткен. Ибн Арабшаң оның жиырма шакты баласы болғанын, олардың әрқайсысы «білікке ие патша, (өзінің) ерекше үлгісі, әскері мен жақтастары» болғанын айтады.

Ногай Ордасында бүкіл саяси билік пен экономикалық әмір шын мәнінде Едіге үрпағы – манғыт әмірлерінін колында болды жоғе оны рудағы жасы ұлкендігіне караі мұраға қалдырып отырды. Алтын Ордадан бөлектенген біркатарап иеліктердің аумақтарында Шыңғыс үрпактарынан кайсыбір адамды хан қөтеру Едіге үрпактарының келісімінсіз жарамсыз деп танылатын дәстүр болған. Шыңғыс Дешті Қыпшактың саяси әмірінде XV ғасырда Едігенің үрпактары Уакас би, Мұса мырза, Жанбыршы және баскалар зор рол аткарды.

Ногай Ордасының құрамына маңғыттармен бірге конырат, найман, арғын, канлы, алшын, қыпшак, кенгерес, карлук, алаш, тама және баска рулар енді. Олардың басшылары арасында билік пен кешіп-конатын жер үшін үнемі құрес жүріп жатты. Алтын Ордасы қираған тамтығынан құрылған басқа бірлестіктер сиякты, Ногай Ордасы да этникалық құрылым емес, көбіне саяси құрылым болды. Ногай Ордасын мекендерген тайпалар казак халқы қалыптасуының құрделі этникалық процесіне тікелей қатысты. Ногай Ордасы мен Қазак Хандығы халықтарының жақын туыскандығы туралы Ш. Ш. Үәлиханов айткан болатын. Ол алғашкы казак ханы Жәнібек туында достық қатынаста әмір сүрген ногайлар мен казактарды «екі туысқан орда» деп атаған. Мұндай қатынастар кейін де, мәселен, деректемелерде «казактар мен ногайлардың ханы» аталағын Хакназар хан туында XVI ғасырдың ортасында да сакталды. Казак аныздарында осы уақыт туралы естеліктер сакталған. Бірақ одактық қатынастар әрқашан сактала бермеді.

XVI ғасырда Ногай Ордасының Орыс мемлекетімен сауда-экономикалық және саяси байланыстары бірте-бірте қалыптаса бастады. XVI ғасырдың екінші жартысында Казан және Астрахан хандықтарын Ресей жауап алғаннан кейін, Ногай Ордасы бірнеше дербес иеліктерге ыдырап кетті, оның ыдырау процесінде халықтың бір болігі Кіші жұз құрамына енді.

Кіші жұз құрамына кірген Едіге батырдың үрпактарын Мұхamedjan Тынышбаев төмөндегі түрде таратады: Едігеден – Нұрад-

дин, Қазы, Мансүр, Ағбад, Наурыз. Нұраддиннен — Үакас би, Мұса хан, Жанбыршы. Қазыдан — Кожас, Мансұрдан — Темір. Жанбыршыдан — Ағыс, Қөгіс. Мұсадан — Алшағыр, Шағым, Сейдақ, Шахмамай, Сары Жүсіп, Алшы Смайл. Алшағырдан — Келмұхамбет, Орак батыр. Орак батырдан — Карасай, Кази. Шахмамайдан — Акмырза, Бекмырза. Алшы Смайылдан — Дінахмет, Мұхамет, Тыналы, Тыныбай, Орыс. Дінахметтен — Орманбет би, Дінмұхамет, Естерек. Естеректен — Тарғын батыр. Орыс үрпактары христиандыкты кабылдап, Ресей құрамына кірген.

БАТЫРЛАР



Кайраттанса, тау жықкан
Батырлардың еліміз.
Тұғыбы бүтін тұлпармыз,
Шын асылдың тегіміз.

Шашубай.

Қанатбай Елеусізұлы

АДАМНЫҢ СҮНҚАРЫ

Бір күні мені іздейді
Асылдан туған үрпағым.
Конілім күдер үзбейді,
Болса да өмір сұрағым.
Үл таар неше жігерлі,
Талқандар тұсау-шідерді.
Іздер сонда кайдалап,
Бакыттың кайта айналад.

Сарышолақ шайыр.

Мен Ұлы Отан соғысынан кейінгі халық шаруашылығын кайта калпына келтіру заманында жәй шаруаның жанұясында өмірге келіппін. Экем Елеусіз соғыстан кейінгі жылдарда колхозда зав-ферма, бригадир, кейін мал бакташысы болған адам. Көп сойлемейтін, томага түйык. Ал кейде қоnlі шалқып әнгіме айта қалса, тындаушыларын еліктіріп әкететін шежіреші адам еді. Ауыл арасында «жаксы адам» атанған кайырымды жан-ды. Себебі, өзінен ғөрі ауылдың, аймактың жайын көбірек ойлап, астындағы атын, соғымға дайындал отырган малын, киіп жүрген шекпенінен ағайындарына таратып беріп отыратын Кожанасыр мінезі де болатын. Экемнің денсаулығына байланысты мен бес жасымда тайға, жеті жасымда атқа мінген адаммын. Өйткені маркүм әкемнің қозі алысты көрмейтін. Ел арағанда, мал қарағанда, мені коссы баладай касына ертіп, талай ұзак-сонар әнгімелер, шежірелер айтатын. Ол осындағы әнгіме үстінде: «Карағым балам, сен желкілдеп өсіп келе жаткан жас құраксын, мен ел аксақалдарымен өткен тарихымызды, тегімізді айтып отырганда үғып ал. Қажет деп жатсан, қағазға түсіріп кой. Бірде болмаса, бірде керек болар. Біздін казак тегін білмегенді тексіз дейді ғой. «Кіци болатын баланың кісімен ісі бар, кісі болмайтын баланың кісіде несі бар» демекші, байқаймын, ықыласың бар, талабына нұр жаусын,— деп атын тебіне түсіп, әнгімесін жалғастыра беретін. Шамасы, менін зейін койып жүргенімді байқайтын болса керек.— Біздін Кожаберген — Отарбай әулетінде Алмат атанин аскан қарікұлақ шежіреші жок. Алла сәтін салған күні ол атанды да тындарсын»,— деп коятын. Осылайша казаки рухка менін санамды суарып, кейіннен бұл саладағы білігімді одан әрі терендеткен елдін кешегі есті-зейінді кариялары Алмат Отарбаев, Куандық Байтерин, Тілеужан Шойгарин, нағашы әкем Аяпберген Құлтасов, Бакытжан Ділманов, Өтеш Нәжімаденов, Жалғас Сапаров жөне казіргі күнде елдін қозі тірі

шежірешісі атанаң жүрген Жұғініс Төлегенов аксақалдар болатын. Сондай-ак өз еліміздегі ағайынлардың тегін тегін білетін, басынын касіретін кара басынын кайғысындау кабылдайтын жанашыр, ертенгі ішіп-жемін ойлап жатпай, барымен бөлісітін тәуекелшіл, бүгінгі барына шүкіршілік ететін канагатшыл, әрі ашық-жарқын мінезді, әрі қонақжай-сауықшыл анам Алмажан Аяпбергенқызының да зор ықпалы болды. Осылай жылдар оте берді. Жыл сайын әкемнің төртібі бойынша бие байлап сауатынбыз. Ал бие байлаған үйге жұрт ағылып келіп жататыны белгілі. Әкемнің жайлауы Көкжиденін Астауші, казіргі Мырзагұл ауылы. Анам картая келе: «Осы шал-ак өлтіретін болды, мені аксандастып бие саудырып, елді жинап, ертелі-кеш әнгіме айтады да отырады»,— деп маған ауылға барғанда мұнын шағар еді. Әкем болса иегін көтеріп бір қарап, үндемей өз шаруасын бітіретін. Ұмытпасам, жетпісінші жылдардың соны болса керек, үйге елдің шежіреші аксақалдары жиналыпты, ішінде мен тындассам деп жүрген Алмат атам бар екен. Бір мәселені шеше алмай жатқанға ұксайды. Мен де бәріне иліп сәлем беріп, әнгімелеріне құлақ түрдім. Баксам, олар: «Біздердің арғы тегіміз ногайлы. Атакты Едіге батырдың үрпактарамыз. Ал содан бері қарай кім қалай шежіре таратса алады?»— деп, қымыздарын сапырып койып, үзак-сонар әнгімеге кіріспітті. Маған да керегі осы еді. «Ал тыңда, құлақ!» деймін өзім өзім ішімнен. Төрде отырған еңсөлі келген, ірі тұлғалы, етженді қара шал Алмат ата сойлеп отыр. Едіге батыр, Нұраддин батыр, Мұсахан батыр, Орак батыр, Мамай батыр, Қарасай-Қази батырлар, Бөлек батыр, Тілеу батыр, Қалдыбай батыр, Жолдыаяқ батыр, Бактыбай батыр, Есет батыр, Бекет батыр, Каракүл батыр, Байказак батыр туралы үрпактан үрпакқа жеткен аныз-әнгімелерден, дастан-жырлардан үзінділер айтып, Алмат ата тындаушыларын өзіне баурап, бесін өткенише, кейде тіпті намаз шамға дейін жырлап, «қалғанын кейін көрерміз» деп, орнынан сиыршалап тұрып, болашак кездесуге ынтықтырып кете баратын. Өттен, жасы әкеннің жасынан үлкен аксақалға: «Тоқтай тұрыныз, жазып үлтепе алмай жатырмын»,— деп қайта-қайта ескертеп беру киын екен. Осы іспетті әнгіме-дүкен құрып, ауық-ауық кездесіп жүретін зерделі де зейінді сол карттар, жастарының ұлғаюына байланысты, казак елінің егемендікке де жетіп, Тәуелсіздік алғанын көре алмай дүниеден кезек-кезек озды. Бейіттерінің басындағы құлыптастарға сол кездін саясаты бойынша аты-жөндері мен туған, өлген жылдарыға жазылды. Шықкан тектері көрсетілмеді. Осы жоғарыдағы аксақалдардың шәкірттері іспеттес Өтеш пен Жұғініс ел тәуелсіздігін көрді. Бұл аксақалдар қалай жырлар екен деп, Өтеш пен Жұғіністі әнебір жылдары дара-дара үйге шакырып, бірнеше сағаттай жырлаттым. Бұрынғы жазып алғандарыммен салыстырдым. Тура Алмат, Бақытжан, Куандық, Елеусіз, Жалғас марқұм-

дар сиякты, бұл екеуі де бір-бірінен асып түсіп жатты. Мен риза болдым, карттарыма амандық-саулық тіледім. «Бірі мініп келместін кемесіне, бірі күтіп, әнекей, жағада түр»,— деп ақиық акын Мұқанғали айтқандай, бұлар да қашанғы көп жүрер дейсін деп, менікі — жазып алуға үлгеріп калу. Тыңдай беру, үлгергенімше жаза беру. Тыңдай-тыңдай қалыптаса бастаған шежіре хикаяттарды, аныз-әнгімелерді одан әрі байыткан, ғылыми негізге жақыннатқан, менін рухымды көтеріп, батылдыққа тәрбиелеген рухы биік казак, зиялы да зерделі ел ағасы һәм қоғам қайраткері, үлкен парасат иесі, тіл саясаты жөніндегі белгілі ғалым, профессор марқұм Мұқтар Арынов болатын. Мұқтар Арынов ұзак жылдар бойы К. Жұбанов атындағы Ақтөбе педагогикалық институтының ректоры болды. Мұқанмен алғашқы ассолаумағалайқум былай басталды. Әнгімелесsem деп тілеп жүрген «Қызыр» елге өзі келді. Токсаныңшы жылдардың басы болса керек, ауданға арнайы сапармен келген Мұқанмен бастықтың кабинетінде кездесіп, ауданды аралауға жоспар құрдық. Ауданды аралатканда мен жолбасшы болатын болдым. Мен ол кезде аудандық Кенес төрағасының орынбасарымын. Хош. Мұқанды касындағы серіктерімен ертіп өз кабинетіме келдім. Казактын наркасқасына жарасатын мінезбен, манғазданған терен ойлы Мұқан қабинетке кіре:

— Ассолаумағалайқұм! Бұл кай ауыл?— деп сөлем берді. Сөлем алынды, кайта сөлем берілді. Мен сәл-пәл бөгеліп, ағалардың жүздеріне барлай карап: «Неге бұлай жасады? Шамасы, сөз дәметіп түр-ау?»,— деп ойлат: «Бұл атышұлы Тілеу-Қабактын, мыңжылдығын болжаган Мөнке әулиенін, Ресейге карсы түрган Көтібар, Бактыбай, Есет батырлардын, би Мырзағұлдын, шайыр Сарышолақтын, акын Сарынын, аспанда үшкан күсты қайырған ұлы құйші Қазанғаптын елі»,— деп бір-ақ қайырдым. Мұқан ажарланып, қоңілденіп: «Бәлі, өзініз біраз дүниеден хабары бар азаматқа үксайсыз ғой?»,— деп, мені сыйпайылап сөзге шакырды. «Әрине, елде өмір сүріп жатқасын, алды өткен ғасырдын, арты осы ғасырдың басында дүниеге келген, жазып койған хаттай болған шежіреші карттардың әнгімелерін тыңдал өскесін, санада бірдемелер қалған сиякты»,— деп ибалақ, көрсеттім.

Мұқан: «Өткенімізді білмей, өркениетті ел болмаймыз. Сол үшін де әрбір өлкенін тарихын білуіміз керек. Казак елінін кай өлкесінін де тарихы ерлік пен ізгілікке бай. Осы тарихтың келбетін ездер емес, ерлер мен аузы дуалы билер қалыптастырған. Ел ерін танытады, ер елін танытады. Казактын нағыз тарихын мүмкіндігінше осы үрпакка, келешек үрпакка жеткізетіндей шаралар жасау керек,— деп әнгімесін сабактай берді.— Терін білу — текстіліктін белгісі. Есет Көтібарұлының, құйші Қазанғаптын, би Мырзағұлдын, акын Сарының кайда жерленгендерін білетін шығарсыздар? Осы елдің енселі азаматтарының бірі мына Зәкен

(Закіраддин Байдосовты айтады) елдін рухани казынасын түгенде-
уде қыруар енбек етіп жүрген нар азamat. Ресей калаларындағы
архивтерге барып жұмыс істеп жүр. Сөтін салса, ғылыми матери-
алдарын газет-журналдарда жариялайды»,— деп сөзін аяктағы.

«Эуелі әбден сағынып алмай, шыгушы болма сапарға»,— деп
акын Төлеген Айбергенов айтқандай, ұмытыла бастаған салт-
дәстүрін, діні мен ділін, әдебиеті мен өнерін сағынып отырған елге
Мұқан дер кезінде келді. Сөйтіп, Мұқтар Арыновтың ұсынысы-
мен 1992 жылы Бестамакта Әблікайыр ханның бас батырларының
бірі, тархан тама Есет Қекіұлының 325 жылдық торқалы тойы рес-
публикалық дәрежеде үлкен ұйымшылдықпен өтті. Бұл соңғы
жетпіс жылда Батыс аймакта болған ірі ас беру еді. Ол кездегі об-
лыс әкімі, зиялғы да зерделі азamat Шалтай Құлмаханов мырза бұл
шараларға тікелей өзі басшылық жасап, өз қолымен аткарды. Отыз
жыл қазак басқаруын аңсаған (бұл да сағыныш) Актөбе облысы-
ның халықтарының ошкендерін жағып, үзілгендерін жалғап, жо-
ғалғандарын тауып, елдін енсесін бір көтеріп тастанды Шалтай ага-
мыз. Бұл рухани оқиғаны ел күні бүгінге дейін ілтипатпен еске
алады. Осы ұлы тойдан бастау алған келесі жылы Шалқар ауда-
нында Есет Қөтібарұлының 190 жылдық мерейтойы өтті. Осы ірі
шараның үйіткысы да, үйымдастырушылардың кенесшісі де
Мұқан болды. Қазір оны біреу білсе, біреу білмейді. Қызметтінің
күрделілігіне қарамай, Шалқарға бірнеше рет келді. Арман-мак-
сатын, жоспар-жобасын кездескен сәттерде үзак әнгімелейтін.
Сондай әнгіменің бірінде әулие-батыр бабалардың рухын қалай
ұлықтауды маған нактылап тапсырды. «Бұндай шаралар елдің
бірігуіне, дәстүрді дамытуға зор ықпалын тигізді. Шалқар ауда-
ны қазактың салт-дәстүрінің, діні мен ділінің эпицентрі. Сенін
тубін бар адамсын»,— деп жұмбактайтын. Осы Мұқан мені зерт-
теп жүр-ау деп таңданатынмын.

Казактың қазактан, жұзді жұзден, руды рудан бөлуді білмейтін,
акыл-парасат кенені, рухы биік біртуар тұлға Мұқтар Арынов би
Мырзағұлының тойын көре алмай, өзін сағындырып, мәнгілік са-
парға аттанып кетті.

Іә, бірді айтып, бірге кетпейін. Жоғарыда келтірілген қара
шалдар жыры мен Мұхамеджан Тынышбаевтың шежіресіне кайта
келейік. Шежіре бойынша: Мұсадан Алшағыр, Шағым, Сейдак,
Шахмамай, Сары Жүсіп, Алыш Смайыл туды дедік. Мұсаның
үшінші ұлы Сайдактан Мәку (Калу) тұған. Алмат ата осы Мәку-
ден бастап жырлап отыр.

Мәку інісі Сәре екеуі жаугершілік заманда елінен әлдебір се-
бептермен кашып шыгады. Сәре Табын жерінде калады. Бір байға
жалданып, енбегіне бір қара тоқты алады. Сол тоқтыдан мыңғыр-
ған мал өсірген Кара койлы Табын атанағы. Ал Мәку Жаманактың

Ұлken ұлы Шынғыска кездесіп, сонын тәлім-тәрбиесін көргені себепті Калу атанип, Шынғыстың баласы болып кетеді.

Ұлкені Жаманактың — аты Шынғыс,
Туганда бар еді дейді аузында тіс.
Тан қалып ұлкен-кіші әнгіме еткен,
Туысы бұл баланың ғажайып іс,—

деп жырга айналуына Караганда, Шынғыс тегін адам болмаған.

Енді осы жерде аз шегініс жасап, Әбілқайыр ханның тілмашы болған А. И. Тевкелевтін (М. Мамашев) 1748 жылы жазған Кіші жүз руларына көткесті мәліметтеріне жүгінсек.

...Кіші жүзде «ірі Алышын руы бар, ал Алышын Каракесек және Байұлы болып екіге болінеді. Каракесек аталағы бәрінен де ірі, алты атадан тұрады. Байұлы одан әлсіздеу, құрамында 12 ру бар. Жетіру бұл жүздегі шаяны ел»,— деп келтірген. Жоғарыдағы карттар сөзімен, Бекарыстан Алау мен Аргымак тарайды дедік. Алаудан Алышын, Алышыннан Құдияр, Құдиярдан Қайыrbай (лакап аты Каракесек) мен Қыдырыбай (лакап аты Байлы) туған. Қайыrbай жас кезінде жарлы болған адамға ұксайды. Себебі, жарлылығына сай оны елде Қаракесек деп атап кетсе керек. Каракесектің Токсұлу атты бәйбішесінен Байсары тудады. Токсұлу көп ұзамай кайтыс болғасын, Каракесектің кайын атасы оған екінші қызын береді. Одан Әлім мен Шөмен тудады. Байсарыдан — Базаншар, Майлайбай деген екі бала. Майлайбайдан үрпак жок. Байсарыдан Кете әuletі тарайды. Кете атанды Кетебике анасына байланысты. Байсары соғыста кайтыс болғасын, Кетебикені Әлім алады. Әлімнен Тойқожаны тудады. Әлім кайтыс болғасын, Кетебикені Шөмен алғып, одан Түменжоғаны тудады. Бозаншар мен Түменжоға үрпактары Ожырай, Кете, Каракете, ал Тойқожа тұқымдары Ақкете аталауды. Шернияз акынның «Ұш танбалы кетемін» дейтіні содан.

Енді кайтып Мәкуге келейік.

Шынғыс аксакал Мәкуді (Калуды) Орта жүздін Каракесек руынын Зеріп деген ақылды да ажарлы қызына үйлендіреді. Алайда Мәку Зеріппен жылға жетпей өмір сүріп, аурулы болып, дүниеден қыршын кетеді. Мәку жантәсілім алдында, әкесі Шынғыска: «Зеріптің аяғы ауыр ғой, Алланың раҳымы түсіп, ер бала болса, ол менің бөлегім ғой, баланың атын Бөлек коярсын»,— деген екен. Содан Алла тағала Мәкудін тілегін кабыл етіп, Зеріп ер бала боса-нады. Дана карт, көпті көрген көреген Шынғыс ат шаптырып той жасап, баланың атын Бөлек кояды. Мәку (Калу) дүниеден өткесін, карт Шынғыс әменигерлік жолымен өзінен кейінгі інілері Баубек пен Өристің кайсысына Зеріпті қоссам екен деп көп ойланып, інілері мен келиндерінің ықыластарын білгісі келіп, үйіне шакырады. Алғашкы болып Баубек әйелімен келеді. Шынғыстың

емеурінін білген Баубектін әйелі Баубектен бұрын сөз алғып (Баубектің әйелі Зеріпті Баубекке некелеуге карсы болған. *К. Е.*), Шынғыстын астындағы кимас жүйрік тұлпар Ақмоншақ атты бұйымға сұрайды. Ішкі ойын талқан қылған келінін әдісіне дана карт Шынғыс карсылық көрсетпей, кимас Ақмоншак атын беріп тұрып: «Кен тарамассын», – дейді. Бұлардан кейін Өріс тे әйелімен келеді. Өрістің әйелі ак конілден Зеріпті Өріске косуды сұрайды. Соңда Шынғыс келініне риза болып: «Өріс інім сенен тараған үрпак-пен де өрісті болады. Касиетті ана (Зеріп келінін айтып отыр. *К. Е.*) Зеріптен тараған үрпак тегін болмайды. Ак ниетпен тіледін, тұқымдарын аттын түтіндей болсын», – деп Шынғыс ак батасын беріпті. Шынғыстын ак батасы кабыл болып, Өрістен Айдарбек, Есенөлі туып, қыруар ел болыпты. Ал Мәкуден Болек, Болектен Айт, Бұжыр, Алатай тарайды. Бір заманда Уш Шекті (Шынғыс, Баубек, Өріс) атанған ел, келе-келе Болектен тұган Айт пен Бұжырды косып, Бес Шекті атанады. Сол Болек батыр болып оседі. Ел аузында мынадай жыр бар. Ол өріден, Алшыннан, Әлім мен Байұлынан басталады:

Атамыз кос кара шал Әлім-Шомен,
Кем болмай, өскен екен катар елмен.
Сынаптай шыныдағы жалт-жұтт еткен
Заман-ай, күнін бар ма түрленбеген.
Ас беріп, ат шантырып, ұран айтып,
Біркелкі заман өтті дүрілдеген,—

деп Әлім мен Шоменнін балаларының қалыптасуын айтады, Әлімнен Жаманак (лакап аты Шекті), Карамашак (лакап аты Төрткара), Айнық (лакап аты Карасакал), Ұланак (лакап аты Каракесек), Тегінболат (лакап аты Карасакал), Тойкожа (Аkkete) тарайды. Шоменнен Шемекей мен Дойт тудады. Дойттен тұқым жок. Шемекейден Аспан, Бозғыл, Тока, Конек тараған.

Ел арасында «Әлімнің үлкені де Каракесек, кішісі де Каракесек» деген сөз бар. Бұл сөз кайдан шыккан деген занды сұрап тудады. Үлкендердің айтуыша, ол былай болған: Кайыrbайдан (Каракесектен) Байсары, Әлім, Шомен тұғанын жогарыда айттық. Осы Кайыrbай (Каракесек) картая келе Әлімнің баласы Ұланакты бауырына басса керек. Ұланак үлкен атанаң баласы болған соң, шолжан, ерке, болбыrlау болып оседі. Кайыrbай (Каракесек): «Осы балам сасыған бай болады, «Сасығым», – деп отырады екен. Ұланак осе келе мол байлықта, Ұлы шаныракса (Кайыrbай (Каракесек) шанырағына *К. Е.*) ие болып, туған өкесі Әлімді мойында май, «Мен Каракесектін баласымын», – деп кетеді. Содан Ұланакқа да лакап ат танылып, Каракесек атанады. «Әлімнің үлкені де Каракесек, кішісі де Каракесек» деген осыдан калса керек.

Карамашак (Төрткара) атавы аузызекі әнгімелерде әртүрлі айттылады. Алайда аныздың түбі ақикат сиякты. Үйелмелі-сүйелмелі

төрт бала ата-анадан жетім қалып, ел аралап жүреді екен. Бір елде ас па, той ма, бір үлкен жиын болып, ас табактарын тартайын деп жатканда, сағыммен бұлдырап алыста төрт карайған көрінеді. Оны көрген үй иесі табакты тарратпай: «Көлденен келген көк атты ғой, баталары қабыл болар», — деп ырым етіп күтіпті. Келген сон караса, айткандай-ак төрт кара бала екен. Содан Төртқара атанаң кетіпті-мыс. Әлімнің бәйбішесінен туған екінші бала Карамашактан — Ораз, Оразкелді, Жаншұқыр, Карап атты төрт бала Төртқара атанаң кеткені жөнінде де әнгімелер бар.

Енді Әлімнің үлкені Жаманактың Шекті аталуына келсек...

Жаманак әкесі Әлім өлгеннен кейін ел-жұртты жинап, мың үй тігіп, ас та төк ас береді. Бұл Жаманактың дәүлетті адам болғанын көрсетсе керек. Жаманактың үш баласы: Шынғыс, Баубек, Өріс тату, мыңғырған мал айдаған болыпты. Өркештері карагайдай матау-матау түйе, үйір-үйір жылқы, үш ен туатын отар-отар кой ұстап-ған. Күт-береке дарыған ел болған. Мол байлық, игерімсіз жүзденген үйір жылқыны ұстап, ен салып, танба басу онайға сокласа кепрек. Жылқыларды танбалау үшін мал өрісіне барып, тайказандарға қыстан жиналған малдың майын қайнатып, жылқыларды тайкаzan түбінен шұбыртып айдал өткізген ғой. Қазандағы қайнап жаткан ыстық майды үзын сапты бакырашпен шұбырып өткен жылқыларға шашқан. Жылқылардың кез келген жері шашыранды майға күйіп, жазылған сон, қылан жылқыға кара, баран жылқыға ак, шек-шек таңба түседі екен. Міне, осы таңбасына қарап, «Шекшек танбалы Шектінің мыңғырған малы» деп, Жаманактың балаларын Шекті атандырып кеткен көрінеді. Олар: Шынғыс, Өріс, Баубек,— көп өскен ел. «Шекті көп пе, шегіртке көп пе?» деген содан калған.

Атамыз Жаманак-Шекті біздің ата,
Өсиет үлкендерден болмас қата.
Болар деп ел сауыры топшылаған,
Әлім карт ықыласпен беріп бата.

Әлімнің Жаманакқа берген батасы қабыл болып, жоғарыда айткан Шынғыс, Баубек, Өріс туады. Шынғыс өзінен кейінгі інілері Баубек пен Өрістен жас шамасы жағынан көп үлкен болған адам. Шынғыстан туған Жакайым осы інілерімен жастарына карай катар болса керек. Шынғыстың екі інісі Баубек пен Өріс ағасын құрметтеп, Жакайымды әркез аға баласы деп көтермелеп, аға орнына қадірлеп отырған. Ел арасындағы «Жакайым аға баласы» деген содан калған.

Тарайды Жаманактан Баубек-Өріс,
Көз жетпес айналасы болған тегіс.

Жақайым аға баласы атанады,
Үлкені Жаманактың – аты Шынғыс.

Өрстін бірінші әйелінен Айдарбек, екінші келіндей алған
Зеріптен Есенөлі туады.

Өрістін бәйбішесінен Ер Айдарбек,
Күнінде адам болған ер көкірек.
Екінші Зеріп деген әйелінен
Тарайды Есенөлі және Бөлек.

Бөлек Есенөлімен бұл жерде шешелес болып тұр. Жоғарыда
айттық, Мәку (Қалу) опат болғанда, Бөлек іште қалған бала.
Өрістін шаңырағында дүниеге келген. Өлемнің үйқасы үшін
Есенөлі бірінші айтылып, Бөлек үлкен болса да екінші айтылып
тұр.

Ұлы ғулама Ахмет Байтұрсынов: «Батырлар әнгімесі өлеммен
айтылған. Өлеммен айтылған әнгіменін сөзі көпке төзді, тез өзге-
ре коймайды. Солай болған сон, батырлар әнгімесінде аталары-
мыздың сөздері сакталып келген. Біз сиякты тілі жетіліп болмаған
халықта аталарымыздың сөздерін сактаған әнгімелер құнды бол-
мак. Сондай құнды әнгімелердің бірі батырлар әнгімесі болады»,—
деп жазып еді «Әдебиет танытқыш» деген енбекінде (А. Байтұрсы-
нов. Шығармалары. Алматы, «Жазушы», 1989, 238 бет).

Байтұрсыновша айтатын болсақ, осы Мәкүден туған Бөлек ба-
тыр болып өскенін белгісіз автор өлең әнгімемен былай суреттейді:

Сұрасан атамызды – батыр Бөлек,
Тірескен аспанменен бір бәйтерек.
Бәйгілі ұлы қиқу жерлерінде
Талайлар панаған көленкелеп.
Сұрасан атамызды – осы Бөлек,
Әрі бай, әрі батыр бір бәйтерек.
Жайындай дариядағы жаткан көлбеп,
Ерекіс екіталај жер болғанда,
Еш дүшпан тұра алмаған көленкелеп.

Осы батыр Бөлектен Айт (Айтмұрза), Бұжыр, Алатай туады.
Алатайдан ұрпак жок. Кейбіреулер Айт, Бұжыр, Шон деп, тіпті,
кейде Саршаны коса тудырып, кателесіп жүр. Ол дұрыс емес.

Тарайды сол Бөлектен Айт пен Бұжыр,
Көз жетпес айналасы үшықыыр.
Артықша бәрін мактап неғылайын,
Адасқан конысынан болған үйір.

Айттан Тілеу, Кабак, Шон туды. Шоннан Шағыр туған, аз тараган үрпак. Бұжырдан Назар, Шүрән, Жекей туған.

Кейбір шежірешілер Айттан Саршаны тузызып кателесіп жүр дедік кой. Ақикатында, Тілеу опат болғасын, үшінші өйелі Сұлуды Кабактын баласы Канкелді алады. Осы Канкелдіден Сарша туды. Сарша атакты Мөнкемен шешелес (М. Тынышбаев. Великие бедствия., стр. 96-97).

Тараиды Айтмырзадан Тілеу, Кабак,
Әлімнің баласына болып салмак.
Қонысы Мұғалжардың Шалкар көлі,
Кенборсық, Караполак, Карапанак.
Үш ана Құлтөбеде жиналғанда,
Сөз тапкан атам Тілеу ойланбай-ак.
Сайлаған ханы Тәуке,
Сұны Әзизді – пір,
Үш ана тарқасады макұлдан-ак.
Адамның сұнқары деп атак алған
Бір казак Тілеудей бол жаратылмак.

Міне, осындағы накты жай-жагдайлар жылдар өткен сайын ескеріп, көнере келе, о баста болған шын оқиға кезені тым алыстап кеткен сон, ол бірте-бірте хикаятика айналады. Әкелі-балалы Тілеу мен Жолдыаяқ батырлардың туған елі үшін қанағмандық істері ел арасында ауызекі әнгімемде осылай жырмен баяндалады. Мұндай аныз-әнгімелердің, хикаяттардың тегінен-тегін шықпайтының фольклорист ғалым Мәлік Фабдуллин: «Әуел басында тарихи шындыкка, нактылы деректерге негізделіп туған әнгімелер кейіннен халықтың ауызша айттын әнгімелеріне айналған»,— деп терендете түседі (М. Фабдуллин. «Казак халқының ауыз әдебиеті», Алматы, 1974, 141 бет).

Ешкімнің атасына тіл тигізбей,
Тегімді баяннадым шын аныктап.
Болғанда атан сондай атышұлы,
Көніл ит кандай жерге тұрактамақ?!
Бұрынғы үлкендердің айтқаны бар,
«Тұқымы каска айтырдын тобел тумак»,—

деп 1680 жылы Түркістанда Жәнгірулы Тәуkenі ақ киізге салып хан көтергенде, Кіші жүздің би-батырларының бірі болып хан сайлауына катысуы, алқалы топта сөз сөйлеуі, сөз жок, Тілеудін атакты адам болғанын дәлелдейді.

Сайлаған ханы Тәуке,
Сұны Әзизді – пір,— деп бұл жерде ханмен бірге пірдін сайлаға-